



ЦИФЫРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА КІЛТІ

«Семей жоғары көп салалы колледжі» мекемесі
«Бағдарламамен қамтамасыздандыруды құрастырушы»
мамандығының

2-курс студенті: **Советқалиқызы Толғанай**
Жетекшісі: Смагулова Шынар Советхановна

Аннотация

Баяндамада цифрлық Қазақстанның дамуының жаңа кілтімен танысасыздар. Сонымен қатар цифрлық технологияларға көшу жөнінде мәлімет ала аласыздар

Аннотация

В докладе вы познакомитесь с новым ключом развития цифрового Казахстана. Также вы можете получить информацию о переходе на цифровые технологии

Abstract

In the report, you will get acquainted with the new key to the development of digital Kazakhstan. You can also get information about the transition to digital technologies

Түйін сөздер: Цифрлық технология, Ғаламдық кеңістік, интерактивті тапсырмалар, цифрлық білім

Ключевые слова: Цифровые технологии, глобальное пространство, интерактивные задачи, цифровые образование


Keywords: Digital technologies, global space, interactive tasks, digital education

Біздің буын керемет уақытта дүниеге келіп, өмір сүріп жатыр деп санаймын. Себебі, біз Тәуелсіз елде туып, еліміздің жыл санап саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрғыда нығайып келе жатқанына куә бола жүріп, оған өз үлесімізді қосу мүмкіндігіне ие болдық. Осының бәрі – Қазақстанның әлемдік аренада мойындалғанының айқын белгісі. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған жолдауы еліміздің әлауқатын арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі деп санаймын. Жас буын өкілі ретінде, әсіресе, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы үшін ерекше қуаныштымын. Себебі, болашақ технологияға байланысты, технологиялық тұрғыда дамуға қол жеткізу басқа салаларға да серпін береді. Сонымен қатар, IT бағдарламалар шығындарды азайтып, уақытты үнемдеуге көмектеседі, адамдар өзара ақпарат, тауар және қызмет түрлерін алмаса алатын болады. «Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты». Цифрландыру дегеніміз Қазақстанның озық ел атану жолындағы мақсат емес, құрал. Бәсекеге қабілетті болу, өсімді, өнім өндіруді арттыру, міне, осы – мақсат.- деді Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Жолдауында. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау болып табылады. Бағдарламаны іске асырудың бес негізгі бағыты: 1. «Экономика салаларын цифрландыру» - еңбек өнімділігін арттыруға және капиталдандырудың өсуіне алып келетін озық технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы экономикасының дәстүрлі салаларын түрлендіру бағыты. 2. «Цифрлық мемлекетке көшу» - қажеттіліктерін күні бұрын біліп халық пен бизнеске қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде мемлекеттің функцияларын түрлендіру бағыты. 3. «Цифрлық Жібек жолын іске асыру» - ішкі контур үшін де, Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін іске асыру үшін деректерді берудің, сақтаудың және өңдеудің жылдамдығы жоғары және

қорғалған инфрақұрылымын дамыту бағыты. 4. «Адами капиталды дамыту» - жаңа жағдайға - білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам деп аталатынды құруды қамтитын түрлендіру бағыты. 5. «Инновациялық экожүйені құру» - бизнес, ғылыми сала және мемлекет арасындағы орнықты көлденең байланыстармен технологиялық кәсіпкерлік пен инновацияны дамыту үшін жағдай жасау бағыты. Мемлекет инновацияларды өндіріске шығаруға, бейімдеуге және енгізуге қабілетті экожүйе катализаторы ретінде әрекет етеді. Цифрлы Қазақстан бағдарламасы – озық білім мен құзіреттіліктің бастамасы. Бізге технологияларды тек импорттап қана қоймай, оларды барынша дамыта түсу қажет. Бір орында тұралап қалуға болмайды. Бізге бірлесе әрекет ету керек. Жаңашылдықты қолданып қана қоймай оны тиімді пайдалану арқылы біз бәсекелестікті арттыра аламыз.

Цифрлық технологияға көшу – ұзақ жылдарға созылатын процесс. Дегенмен пандемия мемлекеттік қызметкөрсету саласының цифрлануын тездетті. Бүгінде цифрлық бағдарламалар барлық дерлік сала-ларда азды-көпті енгізілген. Мемлекеттік қызметтерді алуэлектронды жүйеге ойыс-қан. Мәселен, карантин кезінде мемлекеттік ұйымдар халықты тікелей қабыл-дайалмай қалды. Сөйтіп, цифрландыру жүйесіне көшуге өмірдің өзі мәжбүрледі. Кейін карантин шектеулері босаң-сытыл-ғанымен, халыққа қызмет көрсету орталықтарында құжаттарды рәсімдеу оффлайн мен бірге әлі онлайн форматта да жүргізіле беретін болған.

Сонд ай-ақ некеге тұруға, мемлекеттен жәрдемақы алуға өтініш беру де электронды нұсқада жүзеге асырылады. Мәселен, табысынан айырылған азаматтар еңтөменгі жалақы 42 500 теңге алуғаөтініш беру үшін электронды тасымалдауы штарды, оның ішінде eGov.kz порталын, Telegram-дағы бот каналды пайдалануды меңгерді. Одан бөлек, құрылыс саласында, жылу-энергетика кешенінде, коммуналды шаруашылық пен сапа бақылау саласының халыққа көрсететін қызметтері электронды форматқа көшкен.



e.gov

Қазақстанның білім беру жүйесі пандемияға дейін цифрландырудың үш негізгі бағыты бойынша жүргізілді: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру. Бірақ аяқастынан келген індет бұл бағыттарға түзету енгізуге мәжбүр етті. Сөйтіп, пандемия білім беру контентін цифрландыруды жеделдетті.

Ал жоғары білім беретін оқу орын-дарының көпшілігі кейінгі жылдары жаңа технологияны кеңінен қолдана бастаған. Пандемия басталғанда олар да бірден онлайн оқуға көшкен.

Бүгінде дамыған цифрлық инфра-құрылым білім беру жүйесінің маңызды бөлігіне айналған. Сондықтан білім беру ұйымдарында IT инфрақұрылымды, цифр-лық білім беру ресурстарын, ашық онлайн курстардың желілері мен платформаларын дамыту, көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру уақыт талабы.

«Цифрландыру мәселесі қазір өзекті. Біз былтыр бірінші рет цифрлық режимде ҰБТ тапсыруға құжаттарды қабылдадық. Ал-дың-ғы жылмен салыстырғанда құжат-тардың саны біраз көбейді. Цифрландыру мәселесі ары қарай да біздің басты назарымызда болады»,– дейді Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов.

Пандемияның әсері денсаулық сақтау саласына да түзетулерін енгізді. Коронавирус індетінің таралуына неғұрлым қарсы тұру үшін емханалар арнайы технология, бейнекамера, микрофон сияқты жабдық-тар-ды орнатып, науқастармен онлайн байланыс жасауға бейімделді. Сондай-ақ кейбір жекеменшік емханаларда пациенттер медициналық сараптаманың нәтижесін телефонға sms арқылы немесе электронды пошта арқылы

алады. Бұл да цифрландырудың белгілері.

Электронды денсаулық сақтау сертификаттарын енгізу, интернетте азамат-тардың денсаулығы жайлы ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесі кейінгі жылдары тіпті көкейкесті болып кетті. Осыған орай барлық медициналық ұйымдардың қағазсыз жұмыс формасына өту маңыздылығы артты.

Алдағы уақытта денсаулық сақтау саласын цифрландыруды жетілдіріле түскен-де, бұл жаңашылдық басқа өңірлерге де жететіні анық. Сондай-ақ республиканың денсаулық сақтау саласын цифрландыруды неғұрлым жетілдіре түскен сайын індетке қарсы күрес те соғұрлым нәтижелі бола түсетіні сөзсіз.

Қорыта келе, экономиканы цифрландыру бүкіл жаһандану барысы мен цифрлық технологиялардың дамуына байланысты объективті процесс екені анық. Цифрлық технологияларды жасаудан кешіккен елдер әлемдік өркениеттің шегінде қалып қою қаупі бар. Заманауи цифрлық экономиканы құру саласындағы шетелдік тәжірибе осы жолға енді қадам басқан Қазақстан үшін өте пайдалы болуы мүмкін. Біз үшін басқа елдердің тәжірибесінен пайдалы сабақ алу ғана емес, сонымен қатар олардың қателіктері мен қате есептеулерін қайталамау маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан мемлекеттік бағдарламасы 12.12.2017ж. №827 // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>

2. Қазақстан Республикасының Президенті К.К. Токаевтың «Білім және Ғылым» атты тамыз конференциясындағы баяндамасы (16 тамыз. 2019 жыл) // <https://sputniknews.kz/politics/20190816/11277156>.

3. <https://aikyn.kz/168864/tsifrandyru-damudyn-kilti/>

**«Жас зертеушілердің шығармашылығы- бәсекеге қабілетті мемлекетті
қалыптастыруға қосқан үлесі»**
Облыстық ғылыми –тәжірибелік конференцияға қатысуға
ӨТІНІШ

р/ с	Қатысушының аты-жөні	Баяндама тақырыбы	Оқу орны	Секциясы	Ғылыми жетекшісі (аты-жөні, толық), байланыс телефоны электронды мекен-жайы
1	Советқалиқызы Толғанай	Цифрлық Қазақстан жаңа кілті	Семей жоғары көп салалы колледжі	ІТ-технологияның дамуы-Қазақстан экономикасын жылдамдатылған технологиялық тұрғыда жаңғырту алғы шартының бірі	Смагулова Шынар Советхановна 87757590284 shynar210376@mail.ru

Семей жоғары көп салалы
колледжінің директоры:

_____А. К. Уразбаева